| Орта жастағы топ | ЦИКЛОГРАММА | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Апта кезеңі | 02-06.01.2023 | | | | |
| Күндері | Қысқы демалыстар | | | | |
| Өтпелі тақырыптың атауы | | | | | |
| Мекеменің атауы, тобы | | | | | |
| Педагогтің аты-жөні | | | | | |
| Апта күндері | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
| Күн тәртібі | | | | | |
| Балаларды қабылдау<br><br>Ата-аналармен әңгімелесу. | Балалардың терісін, сыртқы келбетін тексеру; балаларға жағымды орта туғызу; ата-аналарға "Тұмаудың алдын алу және емдеу жолдары" тақырыбында кеңестер беру, ата-аналармен пікір алмасу. | | | | |
| Еңбекке баулу (даму орталықтарында, табиғат бұрышында бақылау, тапсырмалар немесе кезекшілік) | | | Балаларды ойыншықтар мен көмекші құралдарды өз бетінше және эстетикалық түрде орналастыруға үйрету, шкафтарда тәртіпті сақтауға, шаңды сүртуге әдеттендіру. | Үстелдің үстіне ыдыс-аяқтарды, нан салатын ыдысты, шыны-аяқтарды, шұңғыл табақты, майлық салатын ыдыстарды, тамақ ішу жабдықтарын: қасық, шанышқы, пышақты қойып шығу іскерліктерін көрсету. | |
| Ойындар (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары) | | | Саусақ жаттығуы. "Шырша ойыншықтары".<br>Баланы педагогтің соңынан, әуен ырғағына сай орындауға ынталандыру; эмоциялық қабілеттерді дамыту.<br>Көркем сөз жолдарын және жаттығуларды орындау тәртібі оқу қызметінен тыс уақытта жетілдіріліп, балалар үшін таныс болуы тиіс.<br>Шыршада өседі ойыншықтар, (саусақтарды бас бармақ ұшына кезекпен тигізу)<br>Қояндар өседі, қоянықтар.<br>Шыршада, шыршада өседі алтын алма,<br>Алтын алманы жұлып алма.<br><br>Шыршаның, шыршаның инесін ұстама, (сұқ саусақпен бұлғау)<br>Саусаққа тиеді, байқа!<br>Шырша, шырша сыйлықты бермейді,<br>"Тақпақты оқып беріңдер!" – дейді.<br>(шапалақтау) | "Сөйлемді аяқта" сөздік ойыны.<br>Дидактикалық міндеті: балаларға әртүрлі құбылыстарды себеп-салдарына байланысты түсінуге үйрету; сөзді дұрыс таңдауға жаттықтыру.<br>Ойын әрекеттері: көрсеткішті бұру.<br>Ойынның барысы: педагог сөйлемді бастайды, мысалы, "Мен жылы тонды кигенімнің себебі ..." - балаларға оны аяқтауды ұсынады. Балалар: "... жылы болу үшін, ... тоңбау үшін" және т.б. жауап береді. Кімге көрсеткіш бұрылса, сол жауап береді. Педагог алдын-ала сөйлемдерді әзірлеп қоюы керек. Мысалы: "Біздің шаңды жаққан себебіміз ...", "Қолшатыр алған себебіміз ..." және т.б.. Келесі жолы аяқталмаған сөйлемдерді балалардың өздеріне құрастыруды ұсынуға болады. | |
| Таңғы жаттығу (5мин) | Кешенді жаттығулар<br>Бір саусағым тіпті де,<br>Ұстай алмас жіпті де.<br>Екі саусақ бірікті,<br>Ине қолға ілікті.<br>Үш саусағым орайды,<br>Жүгіртеді қаламды.<br>Өнерлі екен он саусақ,<br>Қапа салсақ, жол салсақ. | | | | |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары) | Тамақтану кезінде, таза үстелдің үстінде тамақ ішуге қажет қарапайым заттар болуы керек: нансалғыш, майлық қоятын ыдыс; тамақ ішер алдында балалар бір-біріне астың дәмді болуын тілеп, тамақтан соң алғыс айтулары. | | | | |
| Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық | ҰОҚ дайындау мақсатында жүргізілетін ойындар мен ойын жаттығулары | | | | |
| | | | Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Қайырлы таң балалар!<br>Жарқыраған қаламыз,<br>Жайнап түсті даламыз,<br>Қайырлы таң балалар!<br>Аман Отан панамыз,<br>Аман ата-анамыз,<br>Қайырлы таң балалар! | | |
| Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ | | | Демалыстың ойын-сауық шаралары. | | |
| Серуен | | | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер.<br>Ауа райын бақылау.<br>Мақсаты: маусымдық құбылыс - көктайғақ туралы түсінік қалыптастыруды жалғастыру; бақылау дағдыларын дамыту.<br>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (жолдардағы қарды тазарту).<br>Мақсаты: еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қақпан", "Жануарлар".<br>Мақсаты: ережелерді қатаң сақтай отырып, оңай секіруді, ойнауды үйрету.<br>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. | | |
| Серуеннен оралу | Балалардың бас киімін, шалбарын, түймелері ағытылған жейдесін, бәтеңкесін белгілі ретпен шешуі; киімдерін жүйемен шешінуге дағдыландыру; киімдерін шкаф сөрелеріне орналастыру; қолдарын жуу; сабынды көбік пайда болғанша қолдарын көпіртіп, жақсылап шаю, беттерін жуу, беттерін және қолдарын сүлгімен құрғату. | | | | |
| Түскі ас | Алдына қойған асқа назар аудару; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке дара жұмыс; этикет ережелері. | | | | |
| Күндізгі ұйқы | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу. | | | | |
| Бірте-бірте тұрғызу, шынығу процедуралары | Ауа ванналары.<br>Алғашқы мәдени-гигиеналық әрекеттерді жасауға деген қызықтыру.<br>"Мөлдір су" (орыс тілінен аударма).<br>Мөлдір су, мөлдір су!<br>Сен менің бетім жу.<br>Отты көзім ойнасын,<br>екі бетім жайнасын.<br>Күлкі кетпей еріннен,<br>Тісім тастан таймасын!<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев | | | | |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Бесін ас** (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары) | Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. | | | | |
| **Ойындар, жеке-дара іс-әрекет** (сюжетті-рөлді, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті, театр ойындары) | | | "Пішіндер алқасы" дамытушы ойыны. Балаларды көрсетілген үлгіге қарап, геометриялық пішіндерден тізбекті құрастыруға ынталандыру; геометриялық пішіндер туралы ұғымдарды тиянақтау, есте сақтау қабілетін, көзбен қабылдау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; өзі жасаған нәтижені көріп қуануға баулу.<br>- Балалар, ал қазір сендер мына тізбекте пішіндер қалай орналасқанына қарап, әдемі өрнекті құрып көріңдер.<br>Педагог әрбір балаға бөлек пішіндер тізбегін ұсынады.<br>"қызыл үшбұрыш" + "көк үшбұрыш" + "сары үшбұрыш" + "жасыл үшбұрыш"<br>"қызыл домалақ" + "көк домалақ" + "сары домалақ" + "жасыл домалақ"<br>"қызыл шаршы" + "көк шаршы" + "сары шаршы" + "жасыл шаршы"<br>Педагог әр баланың орындау тәртібін бақылайды. | | |
| **Серуенге дайындық** (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары) | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бөтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. | | | | |
| **Серуен** | Серуенге деген қызығушылықтарын ояту. Қимыл-қозғалыс ойыны: "Құс пен тор" (3-4 рет ойналынады).<br>Мақсаты: балаларды серуендеуге, епттілікке баулу.<br>Барысы: балалардың арасынан "құс аулаушы", "торғай" тағайындалады. Қалған балалар "құстар" болады. Педагог шеңбер сызады, ол тор болады. Шеңбердің ортасында "торғай" отырады. Басқа "құстар" "торғайды" қолдарын тигізіп құтқару керек. Оларды "құс аулаушы" шеңберге, "торғайға" жақындатпау керек. | | | | |
| **Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу** | | | Саусақ жаттығуы. "Шырша ойыншықтары".<br>Шыршада өседі ойыншықтар,<br>Қояндар өседі, қоңжықтар.<br>Шыршада, шыршада өседі алтын алма,<br>Алтын алманы жұлып алма.<br><br>Шыршаның, шыршаның инесін ұстама,<br>Саусаққа тиеді, байқа!<br>Шырша, шырша сыйлықты бермейді,<br>"Тақпақты оқып беріңдер!" – дейді. | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Баланың мерекелік бұйымдарды әзірлеуге қатыстырудың маңызы, шарттары", "Баланың денсаулығын нығайту жөнінде", "Балаға қыста шыршаның неге жасыл болатынын түсіндіру". | | | | |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Өрлеңіз тоқ | **ЦИКЛОГРАММА** | | | | |
| Апта күні | №19 | | | | |
| Күндері | 09-13.01.2023 | | | | |
| *Өтпелі тақырыптың атауы* | Аңдардың қысқы тіршілігі / Зима в лесу / Winter in the forest | | | | |
| *Мектептің атауы, тобы* | | | | | |
| *Педагогтің аты-жөні* | | | | | |
| Апта күндері | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
| Күн тәртібі | | | | | |
| Балаларды қабылдау<br><br>Ата-аналармен әңгімелесу. | Балалардың терісін, сыртқы келбетін тексеру; балаларға жағымды орта туғызу; ата-аналарды мазалап жүрген сұрақтарына жауап беру; балалардың балабақшада өздерін ұстауы жайлы ақпарат беру. | | | | |
| Еңбекке баулу (даму орталықтарында, табиғат бұрышында бақылау, тапсырмалар немесе кезекшілік) | "Еңбекке баулу"<br>Мақсаты. Ұйымдастырылған оқу қызметі кезінде оқу құралдарын тарату және оқу құралдарын орындарына жинау іскерліктеріне ынталандыру. | "Еңбекке баулу"<br>Мақсаты. Үстел үстіне оқу қызметіне керекті құралдарды, түрлі-түсті қарындашты және педагогтің дайындаған материалдарын тарату; оқу қызметінен соң оларды жинап алу. | "Еңбекке баулу"<br>Мақсаты. Серуеннен кейін етікті кір мен қардан қалай тазарту керектігін көрсету. | "Еңбекке баулу"<br>Мақсаты. Тәрбиешінің көмекшісіне төсек жабдықтарын орналастыруға көмектесуге кезекшілер тағайындау. | "Еңбекке баулу"<br>Мақсаты. Тәрбиешінің көмекшісіне лас сүлгілерді жинастыруға көмектесуге ынталандыру. |
| Ойындар (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары) | **"Үй жануарлары" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: үй жануарларының дене мүшелерін атауға, ажыратуға үйрету. | **"Ұқсайды - ұқсамайды" заттармен ойналатын ойын.**<br>Мақсаты. Дидактикалық міндеті: балаларды заттарды салыстыруға түрі, түсі, формасы, көлемі, материалы бойынша ұқсастықтарын байқауға үйрету; байқағыштығын, ойлауын, тілін дамыту.<br>Ойын ережесі: екі затты алып, оның ұқсастықтарын көрсету іскерлігі. Кімді көрсетсе, сол жауап береді.<br>Ойын әрекеттері: ұқсас заттарды іздеу. | **"Қонақ қай елден?" заттармен ойналатын ойын.**<br>Мақсаты. Дидактикалық міндеті: балалардың басқа ел тұрғындары туралы білімдерін бекіту;басқа ұлт өкілдеріне қызығушылықты, оларды құрметтей білуді, олардың өмірі туралы білуге деген тілекті тәрбиелеу.<br>Ойын ережесі: суретке сәйкес басқа ұлт өкілінің ұлттық киімін таңдау; қуыршаққа ұлттық киімді киіндіру; кім ұлттық киімді дұрыс және тез киіндірсе, сол жеңеді.<br>Ойын әрекеттері: қуыршақты киіндіру; ұлттық би немесе ән орындау. | **"Қалаға саяхат" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсаты. Дидактикалық міндеті: балалардың туған қаласы туралы білімдерін бекіту: онда кімдер тұрады, еңбек етеді, қандай транспорт түрлері бар, қала қалай безендірілген.<br>Ойын ережесі: өз тобына тапсырмаларға сәйкес суреттерді таңдау: адамдар, көлік, еңбек, қаланы безендіру.<br>Ойын әрекеттері: суреттерді іздеу. Белгі бойынша әрекет ету. | **"Зоологиялық домино" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсаты. Дидактикалық міндеті: балалардың жабайы және үй жануарлары туралы білімдерін бекіту; зейіндерін тәрбиелеу.<br>Ойын ережесі: кім өз суреттерін бірінші қойса, сол жеңімпаз болады.<br>Ойын әрекеттері: зейінді болу, өз суретін уақытында қою, жүрісін өткізіп алмау. |
| Таңғы жаттығу (5мин) | Кешенді жаттығулар<br>Бойыңды сергек тік ұста, (бойларын тік ұстайды)<br>Деміңді ішке тез ал да. (демін ішіне тартады)<br>Емін-еркін тыныста. (терең дем шығарады)<br>Сол қолыңды соз алға, (сол қолын алға созады)<br>Қол ұшын қара да (қолын жоғары көтереді)<br>Үшбұрыш сыз ауада, (сол қолымен үшбұрыш сызады)<br>Оң қолда бос тұрмасын, (оң қолды алға созады)<br>Шеңбер жасап зырласын, (оң қолымен шеңбер сызады) | | | | |
| Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары) | Кезекшілерді тағайындау; майлықтарды тәрелкелердің жанына қою немесе майлық салатын арнайы ыдысқа қою іскерліктерін жетілдіру; тамақ ішер алдында балалар бір-біріне астың дәмді болуын тілеп, тамақтан соң алғыс айтулары. | | | | |
| Ойындар, оқу қызметіне | ҰОҚ дайындау мақсатында жүргізілетін ойындар мен ойын жаттығулары | | | | |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Дайындық** | Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. | Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. | Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. | Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. | Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. |
| **Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ** | **Сөйлеуді дамыту**<br>"Қоянның неге ақырады?" ертегісін әңгімелеу.<br>Мақсаты. Балаларды "Қоянның неге ақырады?" ертегісімен таныстыру, ертегі желісінде кездесетін аюдың, қоянның қыстағы тіршілігі, дыбыстау ерекшелігі жөнінде мағлұмат беру.<br>**Сурет салу**<br>"Ақ қоянды жасырайық".<br>Мақсаты. Балаларды сюжеттік сурет салудың ережелеріне үйрету; қағаздың сол жағында алдын-ала салынып тұрған тіке сызықты жасыл бояу арқылы шырша бейнесіне айналдыруға, жағына қылқалам арқылы ақ қоян бейнесін салуға үйрету.<br>*Саусақ жаттығуы. "Қоян құлағын түріп".*<br>**Дене шынықтыру**<br>"Маубас аю".<br>Мақсаты. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; допты алысқа лақтыруда бастапқы тұру қалпын қабылдауға үйрету.<br>*"Допты дәлдеп лақтыр" қимылды ойыны.* | **Музыка**<br>"Аю мен түлкі".<br>Мақсаты. Балаларды жабайы аңдар туралы әнді қызығушылықпен тыңдай отырып, әннің сипатын ажырата білу қабілетін дамыту; әндегі төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; әнді айтуда ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; музыка әуенімен бірге би қимылдары мен аңдар қимылдарын дербес орындауға үйрету; музыкалық аспап қасықпен жатық ойнау қабілетін дамыту.<br>*"Орамалдармен жасырыну" ойыны.*<br>**Математика негіздері**<br>"Орман тұрғындарының іздері".<br>Мақсаты. Балалардың екі қарама-қарсы заттардың ені бойынша түстастырып, салыстыру дағдыларын жетілдіру, нәтижесін сөзбен жеткізуге үйрету; оң жақ пен сол жақты ажырату қабілетін дамыту, саны айрықша геометриялық пішіндерден биіктігі екі түрлі қарапайым бейнелерді құрастыруда жаттықтыру; есте сақтау, ақыл-ой мен қабылдау қабілеттерін дамыту.<br>*Үстел басында іс-тәжірибе жаттығуы.*<br>*"Пішіндерден сурет салайық".* | **Көркем әдебиет**<br>"Қасқыр мен жеті лақ" ертегісі.<br>Мақсаты. "Қасқыр және жеті лақ" ертегісімен таныстыру; балаларға әдеби кейіпкерлердің әрекеттерін, жүріс – тұрысын талдауға баға беруге үйретуді жалғастыру.<br>*Дидактикалық ойын: "Ертегі кейіпкерлерін тап".*<br>**Дене шынықтыру**<br>"Аю ұйықтағанды жақсы көреді".<br>Мақсаты. Балаларда сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілеттерін жетілдіру; әртүрлі бағыттарда жүгіру дағдыларын дамыту; доғаның астымен өрмелеуге үйрету; өрмелеу кезінде епті, жылдам болуға тәрбиелеу.<br>*"Кім жылдам?" қимылды ойыны.*<br>**Вариативті компонент/Шығармашылық**<br>"Аңдарға қысқы үйшік".<br>Мақсаты. Балалардың жабайы аңдардың қысқы тіршілігі жөнінде білімдерін кеңейту; аңдарға арналған қысқы үйшік бөлшектері туралы түсінік беру; ормандағы аңдардың тіршілік ерекшеліктерімен таныстыру.<br>*"Қоян түріп құлағын "саусақ жаттығуы.* | **Құрастыру**<br>"Қоян мен Түлкі қорші".<br>Мақсаты. Балаларды білеу, текше, призма, арка сияқты құрылыс материалдары арқылы екі көлемде қақпалар жасауға үйрету; білеулерді тік қойып, арасын аркамен жауып, үстінен призманы қойып, шатырды жасауда жаттықтыру; құрылыстың тұрақтылығы жөнінде ұғымдарды жетілдіру.<br>*Құрылыс нәтижесімен ойнату.*<br>**Музыка**<br>"Қасқыр туралы".<br>Мақсаты. Балаларды музыкадағы төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; музыка сипатына қарай аңдардың қимылдарын дұрыс қайталау; музыкалық аспап қасықпен ойнау қабілетін қалыптастыру.<br>*«Музыкалық қапшық» ойыны.*<br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>"Ұйқыдағы аю".<br>Мақсаты. Балалардың жабайы жануар аюдың тіршілігі туралы білімдерін қалыптастыру; жабайы жануардың қыс мезгіліндегі тіршілігі жайлы түсініктерін (сыртқы түрі, тіршілік ету ортасы, мекені, азығы, қысқа дайындығы) кеңейту.<br>*Дидактикалық ойын: "Аюды құрастыр".* | **Жаратылыстану**<br>"Жабайы жануарлардың қысқы тіршілігі".<br>Мақсаты Жабайы жануарлардың қысқы тіршілігіндегі өзгерістер арқылы балалардың жабайы табиғат өкілдеріне қызығушылық бастамаларын арттыру; көзбен қабылдау, фонематикалық есту қабілеті мен зейінін және дүниетанымы мен ойлауын дамыту.<br>*"Қоянжықты әлдилейік" ойын рефлексиясы.*<br>**Дене шынықтыру**<br>"Жануарлар қалай қыстайды?"<br>Мақсаты. Балаларда допты алысқа лақтыруда бастапқы тұрған қалыпты қабылдау және бөренөнің үстімен тез адымдап жүру техникаларын бекіту; оқу қызметін пысықтау.<br>*"Жануарлар жүрісін сал" қимылды ойыны.* |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер.<br>**Суықторғайларды бақылау.**<br>Мақсаты: суықторғайлардың пайда болуы, әдеттері туралы білімдері мен түсініктерін кеңейту.<br>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (жолдарды сыпырғышпен сыпыру.)<br>Мақсаты: жұмыс тапсырмаларын орындауға жаттықтыру.<br>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Құстардың ұшуы", "Қояндар мен қасқырлар".<br>Мақсаты: өрмелеу, баспалдақтан секіру, жүгіру жаттығулары.<br>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, моториканың дамуына ықпал ету (жүгіру, секіру, қар кесектерін нысанаға лақтыру). | **Қардың түсуін бақылау.**<br>Мақсаты: маусымдық құбылыс - қардың түсуі туралы білімдерін бекіту.<br>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (учаскедегі қарды белгілі бір жерге күрекпен салу).<br>Мақсаты: жұмысқа жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру; ұжымдық тапсырмаларды орындауға үйрету.<br>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жылқылар", "Бақалар".<br>Мақсаты: педагогтің бұйрығын мұқият тыңдауға үйрету; зейінді дамыту.<br>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. | **Ауа райын бақылау.**<br>Мақсаты: маусымдық құбылыс - көктайғақ туралы түсінік қалыптастыруды жалғастыру; бақылау дағдыларын дамыту.<br>Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (жолдардағы қарды тазарту).<br>Мақсаты: еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Кім жоғары?", "Мені тап".<br>Мақсаты: ережелерді қатаң сақтай отырып, оңай секіруді, ойнауды үйрету.<br>Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Ұппа қарлар".<br>Мақсаты: Бірқалыпты қозғалуды үйрету. | **Қарғаны бақылау.**<br>Мақсаты: қарғамен таныстыруды жалғастыру; оның тіршілік ету ортасы, сыртқы түрі, қоректенуі, көбеюі туралы білімдерін тереңдету; құстарға деген ізгілік сезімдерін, оларға қамқорлық жасауға ұмтылуды тәрбиелеу.<br>Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (учаскедегі жолдардан қар мен қоқыстарды тазарту.)<br>Мақсаты: еңбексүйгіштікке, кешпілдікке тәрбиелеу, бірлесіп жұмыс істеуге үйрету.<br>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қарғалар"<br>Мақсаты: екі аяқпен секіруді, әртүрлі бағытта жүгіруді, мәтінді анық және дұрыс айтуды үйрету.<br>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.<br>Мақсаты: "жылан" секілді жүгіру іскерліктерін жетілдіру; қатарға қойылған заттарды айналып жүгіруге машықтандыру. | **Көліктерді бақылау.**<br>Мақсаты: жерүсті көліктері туралы білімдерін кеңейту (олардың жіктелуі, мақсаты).<br>Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (жолдарды, орындықтарды қардан тазарту.)<br>Мақсаты: аумақты қардан тазартуда ересектерге көмектесуге деген ықыласты тәрбиелеу.<br>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Аңшылар мен бұғылар".<br>Мақсаты: қозғалыстарды бір-бірімен үйлестіру.<br>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, нысанаға лақтыру, лақтыру кезінде бастапқы позицияны дұрыс қабылдау қабілетін бекіту. |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың бас киімін, шалбарын, түймелері ағытылған жейдесін, бәтеңкесін белгілі ретпен шешуі; киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру; киімдерін шкаф сөрелеріне орналастыру; қолдарын жуу; сабынды көбік пайда болғанша көпіртіп, қолдарын жақсылап шаю, беттерін жуу, беттерін және қолдарын сүлгімен құрғату. | | | | |
| **Түскі ас** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу. | | | | |
| **Біртө-біртө тұрғызу, шынығу процедуралары** | Мысықтың ашулануы (тіземен тұрып, белді бүкірейтіп, басты төмен түсіру).<br>Жалпақтабандылықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. | | | | |
| **Бесін ас (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. | | | | |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ойындар, жеке-дара іс-әрекет** (сюжетті-рөлді, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті, театр ойындары) | **"Зообақ" сюжетті-рөлді ойын.** Мақсаты: зообақта өзін-өзі ұстау ережелерін үйрету; жануарлар туралы, қоректенуі мен әдеттері туралы білімдерін кеңейту; сөздік қорын (жануарлардың атауларын) дамыту; жануарларға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>Педагог балаларға хайуанаттар бағына экскурсияға баратындарын хабарлайды және олардың бұл жер туралы білетіндіктерін біледі. Балаларды билет сатып алу және оны тексерушіге ұсыну тәртібімен таныстырады. Түсіндіруден кейін бұл жағдайды балалар ойнайды.<br>Ойынның негізгі бөлігі хайуанаттар бағындағы мінез-құлық ережелерімен танысу және сол жерде кездесетін жануарлар туралы әңгімелеу.<br>Жыртқыштармен жұмыс кезінде қауіпсіздік шараларын сақтаудың маңыздылығына балалардың назарын баса аудару қажет. | **"Шаштараз" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсаты: балаларды үлкендердің еңбегімен таныстыру; шаштаразшының еңбегімен таныстырып, оның қызметін атқаруға үйрету. | **"Дүкен" сюжеттік-рөлдік ойыны.** Мақсаты: балаларға өз бетінше дүкенші мен сатып алушының қызметін орындауға; бір-біріне ізеттілік танытa сөйлеуге үйрету. | **"Жаңдікті ата" үстел үсті ойыны.** Мақсаты: балалардың жаңдіктер туралы білімдерін толықтыру. | **Драматизация.** "Түлкі мен қоян" ертегісін конус театрын пайдаланып сахналау. |
| **Серуенге дайындық** (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары) | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бөтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бөтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бөтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бөтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бөтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. |
| **Серуен** | Серуенге деген қызығушылықтарын ояту. Қимыл-қозғалыс ойыны: "Лақтыр да ұстап ал" (2-3 рет ойнатылады).<br>Мақсаты: балаларды допты лақтыруға және оны ұстап алуға жаттықтыру.<br>Барысы: балалар ойын алаңында еркін отырады, бәрінің қолында доп бар. Педагогтің белгісі бойынша балалар допты жоғары лақтырып, оны ұстап алады. Әркім қанша рет жасай алатынын санайды. | | | | |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу | Жаңылтпаштар айтқызу.<br>Аппақ, аппақ, бәрі аппақ,<br>Ақ қар аппақ, бәрі аппақ,<br>Ақ бұлт, қырау, мақта аппақ,<br>Ақ сүт, айран, қант та аппақ. | Саусақ жаттығуы. "Қоян".<br>Қоян өмір сүріпті (алақандарын соғады).<br>Ұзын құлақ (құлақтар - жұдырықтан балаң үйрек (сұқ саусақ) және ортан терек саусақтарын жоғары көтереді және төмен түсіреді; шыңдыр шүмекпен кішкене бөбекті бас бармақпен басып тұрады).<br>Қоян тоңып қалды (алақандарын бір-біріне үйкелейді).<br>Мұрны тоңып қалды (екі қолдың саусақтарын қысады және босатады).<br>Құйрығы тоңып қалды (құйымшақты сипайды).<br>Жылынуға кетті (алақандарын бір-біріне үйкелейді).<br>Балалардың үйіне (екі қолдың саусақтарын қысады және босатады).<br>Сол жақта жылы (алақандарын соғады). | Сергіту сәтін айтқызу.<br>1 дегенде тұрайық,<br>2, 3, 4 – алақанды соғайық,<br>Оң жаққа бұрылып,<br>Сол жаққа бұрылып,<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Біз жүгіріп алайық,<br>5 дегенде асықпай,<br>Орнымызды табайық. | Саусақ жаттығуы.<br>Апам үшін күнде мен (әндете),<br>Отынға ағаш жарамын (ағаш жарғандай),<br>Су құямын гүлге де (гүлге су құйғандай),<br>Дүкенге де барамын (қолдарына сөмке ұстап жүру),<br>Сыпырамын үй үшін (сыпырғандай),<br>Жуам ыдыс-табақты (ыдыс жуғандай),<br>Жылай қалса бөпемді (бөпені ұстағандай),<br>Жұбатамын ойнатып (қолдарын шапалақтайды). | "Сыпайы сөздер" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты: балаларда өзін-өзі ұстау мәдениетін, сыпайылықты, бір-біріне деген құрмет сезімін, досқа, бір-біріне көмектесуге деген ұмтылысқа тәрбиелеу.<br>Барысы: педагог балаларға әртүрлі сюжеттер бейнеленген суреттерді көрсетеді және сұрақтар қояды. Балалар сұрақтарға толық жауап береді. |
| Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес) | "Баланың қозғалыс белсенділігін қалыптастырудағы отбасының рөлі" әңгімелесу. | Ата-аналарға тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайы туралы ақпарат беру. | "Үлкендерге құрмет" тақырыбында әңгімелесу. | Жадынама:<br>"Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілінің даму ерекшеліктері". | Тәрбие шарттарын анықтау туралы ата-аналармен жеке әңгімелер. |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| *Ортаңғы топ.* | **ЦИКЛОГРАММА** | | | | |
| *Апта нөмірі* | №20 | | | | |
| *Күндері* | 16-20.01.2023 | | | | |
| *Өтпелі тақырыптың атауы* | Қыстайтын құстар / Зимующие птицы / Wintering birds | | | | |
| *Мекеменің атауы, тобы* | | | | | |
| *Педагогтің аты-жөні* | | | | | |
| **Апта күндері** | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
| | | | | | |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау**<br><br>Ата-аналармен әңгімелесу. | Балалардың терісін, сыртқы келбетін тексеру; балаларға жағымды орта туғызу; ата-аналарға "Тұмаудың алдын алу және емдеу жолдары" тақырыбында кеңестер беру, ата-аналармен пікір алмасу. | | | | |
| **Еңбекке баулу (даму орталықтарында, табиғат бұрышында бақылау, тапсырмалар немесе кезекшілік)** | "Еңбекке баулу"<br>Мақсаты. Балалар жеке серелеріне көңіл бөледі; сулгімен шаң сүрту, заттарды ұқыпты орналастыру. | "Еңбекке баулу"<br>Мақсаты. Қылқаламдарды, су құятын ыдыстарды жуу; үстелдің үстін сүрту. | "Еңбекке баулу"<br>Мақсаты. Үстелдің үстіне ыдыс-аяқтарды, нан салатын ыдысты, шыны-аяқтарды, шұңғыл табақты, майлық салатын ыдыстарды, тамақ ішу жабдықтарын: қасық, шанышқы, пышақты қойып шығу іскерліктерін көрсету. | "Еңбекке баулу"<br>Мақсаты. Балаларды ойыншықтар мен көмекші құралдарды өз бетінше және эстетикалық түрде орналастыруға үйрету, шкафтарда тәртіпті сақтауға, шаңды сүртуге әдеттендіру. | "Еңбекке баулу"<br>Мақсаты. Балаларды сумен жұмыс жасағанда гигиеналық дағдыларды сақтауға үйрету: жеңді түру, матаны сулау, құрғату, лас болған кезде шаю. Сумен жұмыс кезінде еңбек дағдылары мен әдеттерін, ұқыптылығын дамыту. |
| **Ойындар (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары)** | **"Сөйлемді аяқта" сөздік ойыны.**<br>Мақсаты. Дидактикалық міндеті: балаларға әртүрлі құбылыстарды себеп-салдарына байланысты түсінуге үйрету; сөзді дұрыс таңдауға жаттықтыру.<br>Ойын әрекеттері: көрсеткішті бұру.<br>Ойынның барысы: педагог сөйлемді бастайды, мысалы, "Мен жылы тонды кигенімнің себебі ..." - балаларға оны аяқтауды ұсынады. Балалар: "... жылы болу үшін, ... тоңбау үшін" және т.б. жауап береді. Кімге көрсеткіш бұрылса, сол жауап береді. Педагог алдын-ала сөйлемдерді әзірлеп қоюы керек. Мысалы: "Біздің шамды жаққан себебіміз ...", "Қопшатыр алған себебіміз ..." және т.б.. Келесі жолы аяқталмаған сөйлемдерді балалардың өздеріне құрастыруды ұсынуға болады. | **"Кім көп біледі?" сөздік ойыны.**<br>Мақсаты. Дидактикалық міндеті: балалардың есте сақтауын; заттар туралы білімдерін молайту; тапқырлыққа, жылдам ойлануға тәрбиелеу.<br>Ойын ережесі: заттың қалай пайдаланылатынын айту.<br>Ойын әрекеттері: жарыс, затты пайдаланудың түрлерін көп айту керек. | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсаты. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сөйлесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Кел достарым, келіңдер,<br>Қолдарыңды беріңдер.<br>Шаттық толы шеңберге,<br>Қуанышпен еніңдер.<br>Шақырамын сендерді,<br>Жолдастарым кел бері<br>Толтырайық шаттыққа<br>Дөңгеленген шеңберді. | **"Жұп суреттер" үстел-үсті ойыны.**<br>Мақсаты. Дидактикалық міндеті: балалардың байқағыштығын, суретте бейнеленген заттардың ұқсастығы мен айырмашылығын таба білу іскерлігін тәрбиелеу; сөздік қорларын жетілдіру: ұқсас, әртүрлі, бірдей.<br>Ойын ережесі: бірдей суреттерді жинау: кім қателеспесе, сол жеңеді.<br>Ойын әрекеттері: бірдей суреттерді іздеу. | **"Кім шақырғанын тап" сөздік ойыны.**<br>Мақсаты. Дидактикалық міндеті: есту анализаторын жаттықтыру, зейін және есту қабілеттерін дамыту, балалардың өз құрбы-құрдастарымен бірігіп ойнауға, достық қатынас орнатуға тәрбиелеу.<br>Ойын ережесі: балаларға қарамай кім шақырғанын тек дауыс бойынша табу, оның атын дұрыс атау. Дауысын өзгертпей, атын қатты айту.<br>Ойын әрекеті: кім шақырғанын іздеу. |
| **Таңғы жаттығу (5мин)** | **Кешенді жаттығулар**<br>Бойыңды сергек, тік ұста (бойларын тік ұстайды).<br>Деміңді ішке тез ал да (демін ішіне тартады).<br>Еркін-еркін тыныста (терең дем шығарады).<br>Сол қолыңды соз алға (сол қолын алға созады).<br>Қол ұшын қара да (қолын жоғары көтереді).<br>Үшбұрыш сыз ауада (сол қолымен үшбұрыш сызады).<br>Оң қол да бос тұрмасын, (оң қолды алға созады).<br>Шеңбер жасап ырғасын (оң қолымен шеңбер сызады). | | | | |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары) | Әр күні асты ішкеннен кейін кезекшілердің нан сауыты мен майлық салатын ыдыстарды жинап алуларын ескерту; балалардың әр күні ас ішкеннен кейін қолдарын жуу, ауыздарын сумен шаю іскерліктерін дамыту; тамақ ішер алдында балалар бір-біріне астың дәмді болуын тілеп, тамақтан соң алғыс айтулары. | | | | |
| Ойындар, оқу қызметіне дайындық | ҰОҚ дайындау мақсатында жүргізілетін ойындар мен ойын жаттығулары | | | | |
| | "Қауырсынды тауып ал!" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты: балаларды қызыл, жасыл, сары түстерді дұрыс атауға және ажыратуға үйрету, жай және құрмалас сөйлемдерді қайталауға баулу. | "Алыста ма, жақында ма?" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты: затқа дейінгі аралықты өлшеу. Жақын ба, алыс па? Қажет сөздерді қолдана білу. | "Үйдің есігін жабайық" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты: заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жіңішке заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту. | "Жұбын тап" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; білімдерін бекіту, ойлау қабілеттерін дамыту. | Шаттық шеңбері<br>Мақсаты. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру. Балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. |
| Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ | **Сөйлеуді дамыту**<br>"Торғайлар жемшашарға қонды" суретімен танысу.<br>Мақсаты. Балаларды қыста жемшашарға қонған торғайлар туралы суретпен таныстыру, құстардың қимыл-қозғалысының ерекшеліктеріне көңіл аударып, қысқы тіршілігі жөнінде мәліметтер беру.<br>*Сөздік жаттығу. "Торғай не істеді?".*<br>**Сурет салу**<br>"Үкі".<br>Мақсаты. Балаларды қағаз бетінде үлкен сопақша пішінін алдын-ала салынған екі дөңгелек көз бен құс тұмсығы айналасына салып, құлақтар мен қанаттарды салып, үкі бейнесін салуға үйрету.<br>*Саусақ жаттығуы. "Құстар, құстар, келіңдер".*<br>**Дене шынықтыру**<br>"Суықторғай".<br>Мақсаты. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; тұрған заттың басына допты тигізу арқылы жоғары секіру; қойылған заттардың арасымен "жылан" тәрізді еңбектеу дағдысын жетілдіру.<br>*"Мысық пен торғайлар" қимылды ойыны.* | **Музыка**<br>"Қысқы әнші құстар".<br>Мақсаты. Балалардың торғай туралы әнге қызығушылықтарын арттыру; торғайдың табиғи дауыс ерекшелігін есту және қабылдай білу сезімін қалыптастыру; торғайдың үніндегі жоғары дыбыстың ерекшелігін ажырата білу қабілеті мен музыкалық аспаптағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; би элементтерін музыка әуенімен үйлесімді жасауға дағдыландыру.<br>*"Торғайлар" ойыны.*<br>**Математика негіздері**<br>"Сауысқанның сыйлықтары".<br>Мақсаты. Балаларды екі қарама-қарсы заттардың ұзындығы, ені бойынша түстастырып, салыстыру іскерлігіне машықтау, салыстыру нәтижесін сөзбен жеткізуге үйрету; түстастыру және беттестіру тәсілдерін жетілдіру; көзбен мөлшерлеуді, қолдың ұсақ моторикасын, таным қабілеттерін жетілдіру.<br>*Үстел басында іс-тәжірибе жаттығуы.*<br>*"Дана мен Томиристің қысқа және ұзын бантиктері".*<br>**Вариативті компонент/Әлеумет**<br>"Жануарлар фермасы" ойыны.<br>Мақсаты. Балалардың жануарлар фермасы туралы ұғымдарын кеңейту; жануарлардың фермадағы тіршілік ортасымен таныстыру; жануарларды күтуші фермерлердің еңбегі жөнінде мағлұмат беру; үй жануарларының атауларын жатқа білуге дағдыландыру; ойын ережелерін түсіндіру.<br>*"Жануарлар не істей алады?" қимылды жаттығуы.* | **Көркем әдебиет**<br>"Сауысқан мен көкек".<br>Мақсаты. Балаларды "Сауысқан мен көкек" ертегісі мазмұнымен таныстыру; қысқа мәтінді ертегіні бар ықыластарымен мұқият тыңдауға үйрету.<br>**Дене шынықтыру**<br>"Біз құстарды аялаймыз!"<br>Мақсаты. Балаларда тұрған заттың басына допты тигізу арқылы жоғары секіру және қойылған заттардың арасымен "жылан" тәрізді еңбектеу техникаларын жетілдіру; гимнастикалық қабырға бойымен жоғары өрмелеу және одан төмен түсу дағдыларына үйрету.<br>*"Кедергілерден оңай өтеміз" қимылды ойын.* | **Жаратылыстану**<br>"Қыстайтын құстарға қамқорлық".<br>Мақсаты. Балалардың қыстайтын құстардың тіршілік қалпы туралы түсініктерін кеңейту; құстардың қысқы тіршілігімен таныстыра отырып, қыстайтын құстардың қыс кезіндегі ерекшеліктері туралы білімдерін қалыптастыру; қыста өлкеде тіршілік ететін құстарды жатқа білуге үйрету; қыстайтын құстардың қысқы тіршілігі туралы ұғым беру.<br>*"Қыста қандай құстар қыстайды?" дидактикалық ойыны.*<br>**Орыс тілі**<br>"Птицы нашего двора". Величина.<br>Цель. Учить понимать русскую речь, различать и называть зимующих птиц, умение правильно строить простейшие фразы при ответах на вопросы, называть величины объектов при сравнении, правильно меняя окончания слов в словосочетаниях.<br>*Развивающие упражнение "Большой и маленький домик".* | **Жапсыру**<br>"Шұбар тауықты безендірейік".<br>Мақсаты. Балаларды педагог алдын-ала дайындап қойған ала тауық кескінінің төс аймағына ұсақ ою элементтерін (қауырсындарды) орналастыруға және жапсыруға үйрету; аталмыш ертегі кейіпкері Шұбар тауықтың бейнесі туралы түсініктерін жетілдіру; қыстайтын құстар тіршілігі жөнінде ұғымдарды толықтыру.<br>*Саусақ жаттығуы.*<br>**Дене шынықтыру**<br>"Құстарға жем шашайық".<br>Мақсаты. Балаларда гимнастикалық қабырға бойымен жоғары өрмелеу және одан төмен түсу дағдыларын дамыту; арқан бойымен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтау дағдыларын қалыптастыру; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын дамыту.<br>*"Мысық пен торғайлар" қимылды ойыны.* |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер. **Көкшымшықты бақылау.** Мақсаты: балалардың көкшымшықтың пайда болуы, оның әдеттері, тіршілік ету ортасы туралы түсініктерін кеңейту; қыстайтын құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (құстарды нан үгіндісімен тамақтандыру). Мақсаты: балаларды қыстайтын құстарды тамақтандыруға ынталандыру. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ұшақ". Мақсаты: бір-біріне соқтығыспай жүгіру жаттығулары; ептілікке және төзімділікке тәрбиелеу. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту, екі аяқпен орнында секіруге жаттығу (оң аяқта 5 рет; сол аяқта 5 рет; қос аяқтап 10 рет секіру; орнында тұрып 5-ке дейін адымдау; оң аяқта 5 рет, сол аяқта 5 рет, қосаяқтап 10 рет секіруді қайталау). | **Шыршаларды бақылау.** Мақсаты: шыршаның құрылымы туралы білімдерін толықтыру. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ұжыммен қар тазалау). Мақсаты: ағаш күрекшені қолдану қабілетін жетілдіру. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қоймадағы тышқандар". Мақсаты: епттілікті дамыта отырып, доғаға тигізбей жорғалап жүруді үйрету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту, алға жылжи отырып, екі аяқпен секіруге жаттықтыру. | **Қыстайтын құстарды бақылау.** Мақсаты: қыстайтын құстар туралы түсініктерін кеңейту; оларға деген сүйіспеншілік пен қамқорлыққа тәрбиелеу. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ағаштың айналасындағы қарларды тазалау). Мақсаты: жұмыс істеуге дағдыландыру, ересектерге көмектесу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Құстар мен жаңбыр". "Мысықтар мен тышқандар". Мақсаты: педагогтің белгісі бойынша тез қозғалуды үйрету; дыбыстарды айтуға жаттығу. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту, қашықтыққа қар бүршіктерін лақтыруды үйрету. | **Сауысқанды бақылау.** Мақсаты: қоршаған әлемге қызығушылықты ояту; құстарға деген қамқорлыққа тәрбиелеу. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (құстарды нан үгіндісімен тамақтандыру.) Мақсаты: балаларды қыстайтын құстарды тамақтандыруға ынталандыру. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Сауысқандар" Мақсаты: екі аяғымен секіруді, әртүрлі бағытта жүгіруді, мәтінді анық және дұрыс айтуды үйрету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. Мақсаты: "жылан" секілді жүгіру іскерліктерін жетілдіру; қатарға қойылған заттарды айналып жүгіруге машықтандыру. | **Қайың мен шетенді бақылау.** Мақсаты: табиғатқа деген құрмет сезімін тәрбиелеу. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (құрылысқа қар жинау.) Мақсаты: тапсырманы бірлескен күш-жігермен жүзеге асыра отырып, бірлесіп жұмыс істеуге үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Кегльдерді құлат". Мақсаты: қимылдарды үйлестіруге, лақтыру қабілеттерін жетілдіру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту, дұрыс итеру және жұмсақ қону дағдыларын бекіту. |
| Серуеннен оралу | Балалардың бас киімін, шалбарын, түймелері ағытылған көпіртіп, қолдарын жақсылап шаю, беттерін жуу, беттерін және қолдарын сүлгімен құрғату. | | | | |
| Түскі ас | Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жекедара жұмыс; этикет ережелері. | | | | |
| Күндізгі ұйқы | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу. | | | | |
| Біртe-біртe тұрғызу, шынығу процедуралары | "Мейірімді мысық"; (белді бүгіп, басты жоғары көтеру).<br>Жалпақтабандылықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. | | | | |
| Бесін ас (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары) | Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. | | | | |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ойындар, жеке-дара іс-әрекет** (сюжетті-рөлдік, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті, театр ойындары) | **"Құстарды сұлбасы бойынша таны" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: қыстайтын және жыл құстары туралы балалардың білімдерін бекітуге үлес қосу, сұлбасы бойынша құстарды тани білуге машықтандыру.<br>Барысы: балаларға құстардың сұлбасы ұсынылады. Балалар құстарды анықтап, оларды жыл құстары немесе қыстайтын құс деп атайды. | **Сюжетті-рөлдік ойын: "Үй құрастырамыз".**<br>Мақсаты: балаларды құрылыс мамандықтарымен таныстыру, құрылысшылардың жұмысын жеңілдететін технологияның рөліне назар аудару, балаларды қарапайым құрылымды ғимарат салуға үйрету, ұжымда достық қарым-қатынасты дамыту, құрылысшылардың ерекшеліктері туралы білімдерін кеңейту, сөздік қорын кеңейту. | **"Ұшады ұшпайды, өседі өспейді" театрландырылған ойын.**<br>Мақсаты: балалардың танымдық қабілетін дамыту.<br>Барысы: педагог затты атайды, егер ол ұшса, балалар қолдарымен қанат қағуды көрсетеді; егер ол ұшпаса, олар қолдарын тізеге қояды. Егер ол өссе, олар қолдарын жоғары көтереді, егер өспесе, олар қолмен жабады. | **"Не жетіспейді?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: қызығушылыққа, жаңашылдыққа тәрбиелеу; сөйлеуді дамыту.<br>Барысы: балаларға құстарға не жетіспейтінін айту керек. | **"Торғайлар мен қарғалар" театрландырылған ойын.**<br>Мақсаты: зейінді, тездігінді, ептілікті дамыту.<br>Барысы: балалар екі топқа бөлінеді: "Торғайлар" және "Қарғалар"; содан кейін бір-біріне арқаларымен екі қатарда тұрады. Педагог атаған топ ұстап алады; аты аталмаған топ - "үйлерге" қашады (орындықтарда немесе белгілі бір сызыққа дейін). Педагог баяу сөйлейді: «Қар... - ға... - лар...». Осы сәтте екі топ қашып кетуге дайын болады. Қарапайым нұсқа: педагог атаған топ алақандарымен шапалақтайды, ал екінші топ орындарында қалады. |
| **Серуенге дайындық** (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары) | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарың, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарың, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарың, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарың, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарың, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. |
| **Серуен** | Сереуенге деген қызығушылықтарын ояту. Қимыл-қозғалыс ойыны: "Жалаушаны тап" (3-4 рет ойналынады).<br>Мақсаты: балаларың кеңістікті бағдарлау қабілеттерін дамыту.<br>Барысы: педагог балаларға жалаушаны көрсетеді және оны жасыратынын айтады. Балалар қабырғаға бұрылады. Педагог жалаушаны жасырып: "уақыт келді" дейді. Балалар жасырылған жалаушаны іздейді. Кім жалаушаны бірінші болып тапса, ойынды қайталау кезінде оны жасырады. | | | | |
| **Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу** | **"Торғай" тақпағын айтқызу.**<br>Мақсаты. Бала тілін дамыту.<br>"Торғай" (ел аузынан)<br>Торғай-торғай тоқылдақ,<br>Жерден тары шоқып ал,<br>Бөтегесі томпайып,<br>Түймедей боп монтайып,<br>"Шиқ-шиқ" десіп отырар,<br>Торғай-торғай топтаған,<br>Тоғайды торғай мақтаған,<br>Бір торғай ұшса бораңда,<br>Іздеп бәрі жоқтаған. | **Жаңылтпаштар айтқызу.**<br>Мақсаты. Бала тілін дамыту. | **Қазақ халқының жұмбақтарын шешу.**<br>(Ел аузынан)<br>Кішкене ғана бойы бар<br>Тоғыз қабат тоны бар. (Жуа)<br><br>Аяғы жоқ жүреді,<br>Аузы жоқ сөйлейді. (Хат)<br><br>Ақ сандығым ашылды,<br>Ішінен жібек шашылды. (Күн)<br><br>Асты тас, үсті тас,<br>Ортасында жанды бас. (Тасбақа)<br><br>Жабықта жарты нан. (Ай) | **"Қыс" тақпағын айтқызу.**<br>Бала тілін дамыту.<br>"Қыс" (Ізтай Мәмбетов)<br>Жаңа айлардың жаңа қары<br>Жапалақтап жауады.<br>Жайлы бір леп тарапады,<br>Жаңыртады ауаны.<br><br>Үлкендеңы баладайын,<br>Баладайын пәк жүрек,<br>Үйып қалты қырда қайың,<br>Киім киіп ақ жібек. | "Құстар" бейнеленген суреттерді бояу. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Ата-аналарға кеңес.<br>"Балалармен бірге ойнаңыз". | "Жеке әңгімелер" (ата-аналардың қалауы бойынша). | "Музыка және балалардың психикалық денсаулығы" тақырыбында әңгімелесу, кеңестер беру. | Ата-аналарға кеңес.<br>"Баланы жаңғалақтықтан (ұшқалақтық, ұмытшақтық) қалай арылтуға болады?" | Балалар туындыларының көрмесі (үйірме жұмысы шеңберінде). |

Сканировано с CamScanner

| Оқтаңғы/топ | ЦИКЛОГРАММА | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Апта нөмірі | №21 | | | | |
| Күндері | 23-27.01.2023 | | | | |
| Өтпелі тақырыптың атауы | Мен және қоршаған орта / Я и окружающий мир / Me and the world around me | | | | |
| Мекеменің атауы, тобы | | | | | |
| Педагогтің аты-жөні | | | | | |
| Апта күндері | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Күн тәртібі | | | | | |
| Балаларды қабылдау<br><br>Ата-аналармен әңгімелесу. | Балалардың тәрісін, сыртқы келбетін тексеру; балаларға жағымды орта туғызу; ата-аналармен "Баланың жүйке жүйесін қорғаңыз" тақырыбында әңгімелесу, кеңестер беру. | | | | |
| Еңбекке баулу (даму орталықтарында, табиғат бұрышында бақылау, тапсырмалар немесе кезекшілік) | "Еңбекке баулу"<br>Мақсаты. Еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу; сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйрету; ересектерге көмектесуге ынталандыру. | "Еңбекке баулу"<br>Мақсаты. Балалардың өсімдіктердің жарық пен ылғалға деген қажеттіліктері туралы білімдерін кеңейту, сумен және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту; қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды, оған қамқорлық жасауды тәрбиелеу. | "Еңбекке баулу"<br>Мақсаты. Балаларды өз төсек-орындарын ажыратуға үйрету; ересектерге көмек көрсетуге деген ынтаны тәрбиелеу; жұмысқа деген ұмтылысты, тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу. | "Еңбекке баулу"<br>Мақсаты. Өсімдіктердің жарық пен ылғалға деген қажеттіліктері туралы балалардың білімдерін кеңейту, су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту; қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды, оған қамқорлық жасауға тәрбиелеу. | "Еңбекке баулу"<br>Мақсаты. Жаңа еңбек дағдыларын үйрету; жапырақтарға ылғалдың қажеттілігі туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу. |
| Ойындар (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары) | "Кім тез жинайды" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты: көкөністер мен жемістерді ажырата білуге үйрету, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. | "Артығын тап" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты: тіл байлықтарын, сөздік қорларын молайту, тапқырлық қабілеттерін дамытып, ойынға деген қызығушылықтарын дамыту. | "Кемпірқосақ түстері" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты: түстерді ажырата білуге үйрету; ашық және күлгін түстерді сезіну қабілетін жетілдіру, үлкен-кіші көлеміне қарай доғаларды дұрыс орналастыру. | "Кім шақырғанын тап" сөздік ойыны.<br>Мақсаты. Дидактикалық міндеті: есту анализаторын жаттықтыру, зейін және есту қабілеттерін дамыту, балаларды өз құрбы-құрдастарымен бірігіп ойнауға, достық қатынас орнатуға тәрбиелеу.<br>Ойын ережесі: балаларға қарамай кім шақырғанын тек дауыс бойынша табу, оның атын дұрыс атау. Дауысын өзгертпей, атын қатты айту.<br>Ойын әрекеті: кім шақырғанын іздеу. | Шаттық шеңбері<br>Мақсаты. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Кел, балалар, күлейік,<br>Күлкіменен түлейік!<br>Қабақ түйген не керек,<br>Көңілді боп жүрейік!<br>Кел, балалар, күлейік!<br>Күлкіменен түлейік!<br>Күлкі көңіл ашады,<br>Күліп өмір сүрейік! |
| Таңғы жаттығу (5мин) | Кешенді жаттығулар<br>Достығы жарасқан (оң қолын оң жаққа созады)<br>Біз сыйлы боламыз (оң қолын түсірмей сол қолын сол жаққа созады).<br>Келісін бәрімен (бірін-бірін көрсетеді).<br>Татулық табамыз (өзін көрсетеді).<br>Баріміз бір болсақ (бәрі қол ұстасады).<br>Бәрін де жеңеміз.<br>Күндей боп күлімдеп (қолдарын жоғары көтереді),!<br>Таудай болып өсеміз (қолдарын жоғары ұстаған күйінде біріктіреді) | | | | |
| Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары) | Кезекшілер тағайындалып, үстелді ретімен жабдықтау: майлық салатын ыдыс, нан сауыты, майы бар табақ, кесе және табақша (кесе тұтқасы оңға қарайды), тәрелке, шанышқы сол жаққа қойылады (тістері жоғары), пышақ (пышақтың жүзі табаққа қарап тұрады) оң жаққа қойылады; тамақ ішер алдында балалар бір-біріне астың дәмді болуын тілеп, тамақтан соң алғыс айтулары. | | | | |

Сканировано с CamScanner

| | ҰОҚ дайындау мақсатында жүргізілетін ойындар мен ойын жаттығулары | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Ойындар, оқу қызметіне дайындық | Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. | Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. | Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. | Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. | Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. |
| Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ | **Сөйлеуді дамыту**<br>"Не қалай дыбыстайды? [о], [ө] дыбыстары".<br>Мақсаты. Балаларды үй жануарларының дыбыстау ерекшеліктерімен, дауысты [о], [ө] дыбыстарының артикуляциясымен таныстыру; үй жануарларының қыстағы тіршілігі жөнінде білімдерін пысықтау.<br>*"Қалай шақырамын?" сөздік жаттығуы.*<br>**Сурет салу**<br>"Өсімдіктер".<br>Мақсаты. Балаларды өзара ұжымдасып шығармашылықта сурет салу тәртібіне үйрету; алдын-ала борышамен салынған өсімдік өскен ыдыс бейнесінен шығып, созылып жатқан үй өсімдіктерінің бұталары бойына жапырақтарды саусақтарымен жақпалап, салуға үйрету.<br>*Саусақ жаттығуы. "Бүгін біз қаншамыз?".*<br>**Дене шынықтыру**<br>"Домалаған кірпі".<br>Мақсаты. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; 1,5 м қашықтықта допты қақпа (ені 50 см) арқылы домалатуға үйрету; қойылған заттардың арасымен "жылан" тәрізді жүру дағдысын жетілдіру.<br>*"Допты дәлдеп лақтыр" қимылды ойыны.* | **Музыка**<br>"Тұлпарым".<br>Мақсаты. Балалардың әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білу қабілетін дамыту; әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен музыкалық ырғақты қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілеті мен зейінін дамыту. Балаларды мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамын, оқу қызметіне қызығушылықтары мен белсенділіктерін арттыру.<br>*"Тәлдер" ойыны.*<br>**Математика негіздері**<br>"Марғаулар жіппен ойнайды".<br>Мақсаты. Балаларды екі тең не тең емес заттар тобын саны бойынша салыстыруға және теңдестіруге үйрету; заттар жұптарын тұстастыру және беттестіру тәсілдерін қолдану іскерлігін қалыптастыру; заттарды оң (сол) қолымен алып, жолақтың сол жағынан бастап, оң жағына қарай, бір-біреуден салу тәртібіне дағдыландыру; зейінді, қолдың ұсақ моторикасын, қабылдау және ойлау қабілеттерін дамыту.<br>*Үстел басындағы дамыту жаттығуы.*<br>*"Марғау мен жіптер".* | **Дене шынықтыру**<br>"Кірпі қалай жүреді?"<br>Мақсаты. Балаларда нық қадаммен алға, нық қадаммен артқа жүру дағдыларын дамыту; бір аяқтан бір аяққа секіру, тура секіру; допты алысқа лақтыруға үйрету; баскетбол добына арналған торға белгіленген нысанадан аспай, допты кеуде тұсынан дәлдеп лақтыру дағдыларын дамыту.<br>*"Баскетбол" қимылды ойыны.*<br>**Вариативті компонент/Шығармашылық**<br>"Әртүрлі балықтар жүзіп жүр. Ұжымдық жұмыс".<br>Мақсаты. Балаларға аквариумдағы балықтардың тіршілігі жөнінде ұғым беру; балықтардың денесі құрылысы ерекшеліктері туралы білімдерін кеңейту; аквариумдағы балықтарды күту негіздерімен таныстыру.<br>*"Балықтар" саусақ жаттығуы.* | **Құрастыру**<br>"Ақтестің үйшігін жөндейік".<br>Мақсаты. Балаларды құрылыс материалдары мен өзге, екіге бүктемеленген қағаздан күшікке үйшік жасауға үйрету; білеулерден еден, кірпіштерден қабырғаларды қалап, қағаз жолағын екіге бүктемелеп, шатыр қойып, құрастыруда дағдыландыру; кірпіштер мен білеулердің жазықтықта орналасу амалдарын бекіту.<br>*Құрылыс нотижесімен ойнату.*<br>**Музыка**<br>"Тауықтар" биі.<br>Мақсаты. Балаларды үй жануарлары туралы әндерді тыңдауға және айтуға үйрету; музыканың сипаты мен әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен ырғақты қимылдарды топпен бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысына жаттықтыру; дыбысты есту қабілеті мен музыкалық аспапты әуенге ілесе отырып, дыбысты дұрыс қайталай білу қабілетін жетілдіру; үй жануарлары жөнінде ұғымдарын кеңейту.<br>*"Жұмыртқа" ойыны.*<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>"Жүргіншілер жолы".<br>Мақсаты. Балаларды жүргіншілер жолының маңызымен таныстыра отырып, ақпаратты мұқият тыңдауға үйрету.<br>*Дидактикалық ойын: "Жүргінші жолын құрастыр".* | **Жаратылыстану**<br>"Кішкентай марғау".<br>Мақсаты. Марғау туралы ұғым бере отырып, балалардың қабілеті мен зейінін, тілі мен есте сақтауын және байқампаздығын дамыту. Мысық пен марғау туралы көркем сөздерді пайдалана отырып, сөздік қорын молайту.<br>*"Мысықтың ойыншықтарын тап" дидактикалық ойыны.*<br>**Дене шынықтыру**<br>"Допты қақпа арқылы домалатамыз".<br>Мақсаты. Балаларда тізені биікке көтере отырып жүруге; допты тәрбиешіден 1-1,5 метр арақашықтықта лақтыруға үйрету; қимыл белсенділігін дамыту мен үйлестіру және дене жаттығуларына қызығушылықтарын қалыптастыру.<br>*"Баскетбол" қимылды ойыны.* |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары) | Балаларды серуенге ынталандыру;<br>серуенге ойын жабдықтарын іріктеу;<br>балалармен жеке әңгімелесулер;<br>шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. | Балаларды серуенге ынталандыру;<br>серуенге ойын жабдықтарын іріктеу;<br>балалармен жеке әңгімелесулер;<br>шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. | Балаларды серуенге ынталандыру;<br>серуенге ойын жабдықтарын іріктеу;<br>балалармен жеке әңгімелесулер;<br>шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. | Балаларды серуенге ынталандыру;<br>серуенге ойын жабдықтарын іріктеу;<br>балалармен жеке әңгімелесулер;<br>шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. | Балаларды серуенге ынталандыру;<br>серуенге ойын жабдықтарын іріктеу;<br>балалармен жеке әңгімелесулер;<br>шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. |
| **Серуен** | Серуенге деген қызығушылықтарын ояту. Қимыл-қозғалыс ойыны: "Кім кетті?" (3-4 рет ойнатылады)<br>Мақсаты: кеңістікті бағдарлай алу қабілеттерін дамыту.<br>Барысы: балалар шеңберге немесе жартылай шеңберге тұрады. Педагог ойыншылардың біреуіне жанындағы балаларға назар аударуын сұрайды. Кейін артқа қарай бұрылуын өтінеді. Екінші бір бала жасырынып қалады. Педагог: "Кім кетті? Кім жасырынып қалды?" деп сұрайды. Егер бала жасырынып қалған баланы таппаса, өз орнына басқа біреуді таңдайды. | | | | |
| **Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу** | **Санамақ айтқызу.(Ермек Өтетілеуов)**<br>Жиналған соң достары,<br>Қаздай өзі басқарды,<br>Қызықты ойын басталды:<br>Бірі болды бақшашы,<br>Екіншісі - егінші,<br>Үшіншісі - бақташы,<br>Төртіншісі - теңізші.<br>Бесіншісі - балташы,<br>Алтыншысы - аспазшы.<br>Жетіншісі - жылқышы,<br>Сегізінші - сырнайшы,<br>Тоғызыншы - тігінші,<br>Оныншысы - орманшы. | **Бала тілін дамыту.**<br>"Көкше мұз" (Сәйін Боранбаев)<br>Көл бетінде көкше мұз,<br>Көкше мұзда қызық көп.<br>Сырғанаймыз көште біз,<br>Айқыш-ұйқыш сызып көп.<br><br>Қыза-қыза келгенде,<br>Құйын болып кетеміз.<br>Жүйрік деген желден де<br>Басып озып өтеміз. | **Бала тілін дамыту.**<br>"Күміс қар" (Әли Ысқабаев)<br>Қырларды жапты күміс қар,<br>Далада жаңа тыныс бар.<br>Бұталар жалт-жұлт етеді<br>Кәдімгі бейне хрусталь. | **Бала тілін дамыту.**<br>"Аяз" (Сакан Молдашев)<br>Суретші ме, мүсінші ме, әлде кім?<br>Бояп кетті тереземнің әйнегін.<br>Түс кезінде ғайып болды өлгісі,<br>Бақсам оның-қысқы аяздың белгісі. | **Бала тілін дамыту.**<br>"Аяз" (Қатира Жәленова)<br>Түнімен еңбектеніп,<br>Әдемі өрнек төгіп,<br>Қойыпсың<br>Өрмекшідей<br>Әйнекке өрмек көріп.<br><br>Төзімнің темірдей тым,<br>Ұстасың ерінбейтін.<br>Сен қалай оюо салдың<br>Қолыңмен көрінбейтін? |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Балалардың музыкалық қабілеттері туралы әңгімелесу. | Ата-аналарға кеңес.<br>"Балаларды қалай қуантуға болады?" | Ата-аналарға кеңес.<br>"Мектеп жасына дейінгі балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыруда ойын технологияларын қолдану". | Ата-аналармен балалардың жетістігі жайлы айту; апта тақырыбы бойынша сұрақ қою, әңгімелесу. | Ата-аналармен балалардың жетістігі жайлы айту; апта тақырыбы бойынша сұрақ қою, әңгімелесу. |

Сканировано с CamScanner